**ISSN (Print) 2616-7255**
**ISSN (Online) 2663-2489**

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
# ХАБАРШЫСЫ

| ВЕСТНИК | BULLETIN |
| --- | --- |
| Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева | of L.N. Gumilyov Eurasian National University |

**ТАРИХИ ҒЫЛЫМДАР. ФИЛОСОФИЯ. ДІНТАНУ сериясы**

**HISTORICAL SCIENCES. PHILOSOPHY. RELIGION Series**

**Серия ИСТОРИЧЕСКИЕ НАУКИ. ФИЛОСОФИЯ. РЕЛИГИОВЕДЕНИЕ**

**4(129)/2019**

1995 жылдан бастап шығады
Founded in 1995
Издается с 1995 года

Жылына 4 рет шығады
Published 4 times a year
Выходит 4 раза в год

Нұр-Сұлтан, 2019
Nur-Sultan, 2019
Нур-Султан, 2019

***Бас редакторы***
тар.ғ.д., проф., академик, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының вице-президенті
**Сыдықов Е.Б**. (Қазақстан)

| | |
|---|---|
| Бас редактордың орынбасары (философия) | **Есім Ғ.,** философ.ғ.д., проф. (Қазақстан) |
| Бас редактордың орынбасары (тарих) | **Мусабалина Г.Т**., тар.ғ.д., проф. (Қазақстан) |
| Бас редактордың орынбасары (тарих) | **Сарсембина К.К.,** тар.ғ.к., доцент (Қазақстан) |
| Бас редактордың орынбасары (дінтану) | **Тышхан К**., философ.ғ.к., доцент (Қазақстан) |

*Редакция алқасы*

| | |
|---|---|
| **Әбділдин Ж.М.** | философ.ғ.д., проф. (Қазақстан) |
| **Алпысбес М.А.** | тар.ғ.д., проф.(Қазақстан) |
| **Артықбаев Ж.О.** | тар.ғ.д., проф.(Қазақстан) |
| **Әбділәшімұлы Д.** | PhD, проф. (Қытай Халық Республикасы) |
| **Әбдуақап Қара** | тар.ғ.д., проф. (Түркия) |
| **Бозжигитова М.М.** | философ.ғ.к. (Қазақстан) |
| **Бороффка Николаус** | PhD (Германия) |
| **Буканова Р.Г.** | тар.ғ.д., проф.(Ресей) |
| **Бурбаев Т.К.** | философ.ғ.д., проф. (Қазақстан) |
| **Васильев Д.В.** | тар.ғ.д., доцент (Ресей) |
| **Джампеисова Ж.М.** | тар.ғ.к., доцент (Қазақстан) |
| **Дүкенбаева З.О.** | тар.ғ.д., проф.(Қазақстан) |
| **Ерменбаева Г.К.** | тар.ғ.к., доцент (Қазақстан) |
| **Жакиянов Т.Ж.** | с.ғ.к. (Қазақстан) |
| **Жеребцов И.Л.** | тар.ғ.д. (Ресей) |
| **Ибадуллаева З.О.** | тар.ғ.к., доцент (Қазақстан) |
| **Иманжүсіп Р.** | философ.ғ.д., проф. (Қазақстан) |
| **Исмагамбетова З.Н.** | философ.ғ.д., проф. (Қазақстан) |
| **Каженова Г.Т.** | тар.ғ.к. (Қазақстан) |
| **Камарова Р.И.** | философ.ғ.к. (Қазақстан) |
| **Ковальская С.И.** | тар.ғ.д. (Қазақстан) |
| **Кумеков Б.Е.** | тар.ғ.д., проф. (Қазақстан) |
| **Құрманалиева А.Д.** | философ.ғ.д., проф. (Қазақстан) |
| **Любичанковский С.В.** | тар.ғ.д., проф. (Ресей) |
| **Медеуова К.А.** | философ.ғ.д., проф. (Қазақстан) |
| **Муминов А.К.** | тар.ғ.д., проф.(Түркия) |
| **Мусагалиева А.С.** | тар.ғ.д., проф.(Қазақстан) |
| **Мустафина Р.М.** | тар.ғ.д., проф.(Қазақстан) |
| **Нұрышева Г.Ж.** | философ.ғ.д., проф. (Қазақстан) |
| **Педрацки М.** | PhD д-ры, доцент (Польша) |
| **Пианчолла Николо** | PhD д-ры (Гонконг) |
| **Рахимбекова А.Ж.** | тар.ғ.к., доцент (Қазақстан) |
| **Рысқалиев Т.Х.** | философ.ғ.д., проф. (Қазақстан) |
| **Садықов Т.** | тар.ғ.д., проф. (Қазақстан) |
| **Сайлаубай Е.Е.** | тар.ғ.к., доцент (Қазақстан) |
| **Самашев З.С.** | тар.ғ.д. (Қазақстан) |
| **Сапарғалиева С.Ж.** | философ.ғ.д., доцент (Қазақстан) |
| **Саркулова М.С.** | философ.ғ.к., доцент (Қазақстан) |
| **Сейтказина К.О.** | тар.ғ.к., доцент (Қазақстан) |
| **Таиров А.Д.** | тар.ғ.д. (Ресей) |
| **Таймағамбетов Ж.Қ.** | тар.ғ.д., проф. (Қазақстан) |
| **Ташағыл А.** | проф. (Түркия) |
| **Умиткалиев У.У.** | тар.ғ.к., доцент (Қазақстан) |
| **Хабдулина М.К.** | тар.ғ.к., доцент (Қазақстан) |
| **Чарлз Уиллер** | философ.ғ.д., проф. (АҚШ) |
| **Шаповал Ю.В.** | философ.ғ.д., доцент (Қазақстан) |
| **Шемшек Ахмед** | философ.ғ.д., проф. (Түркия) |

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қ.Сәтпаев к-сі, 2, 402 б.
Тел.: (7172) 709-500 (ішкі 31-457)
E-mail: vest_hist@enu.kz

Жауапты хатшы, компьютерде беттеген*:* Қ.Ж. Жұмабекова

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. **ТАРИХИ ҒЫЛЫМДАР. ФИЛОСОФИЯ. ДІНТАНУ сериясы**
Меншіктенуші: **ҚР БжҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК**
Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігімен тіркелген.
27.03.18 ж. № 16994-Ж -тіркеу куәлігі
Мерзімділігі: жылына 4 рет.
Тиражы: 20 дана
Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қажымұқан к-сі ,13/1, тел.: (7172)709-500 (ішкі 31 457)

**© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті**

Editor-in-Chief
Doctor of Historical Sc., Professor, Academician, Vice-President of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan
Sydykov Ye.B. (Kazakhstan)

| | |
|---|---|
| *Deputy Editor-in-Chief* | **Yessim G.,** Doctor of Philosophy, Prof. (Kazakhstan) |
| *Deputy Editor-in-Chief* | **Mussabalina G.T.**, Doctor of Historical Sc., Prof. (Kazakhstan) |
| *Deputy Editor-in-Chief* | **Sarsembina K.K.**, Can. of Historical Sc., Assoc.Prof. (Kazakhstan) |
| *Deputy Editor-in-Chief* | **Tyshkhan K.,** Can. of Philosophy (Kazakhstan) |

Editorial board

| | |
|---|---|
| **Abdildin Zh.M.** | Doctor of Philosophy, Prof. (Kazakhstan) |
| **Alpysbes M.A.** | Doctor of Historical Sc., Prof. (Kazakhstan) |
| **Artykbayev Zh.O.** | Doctor of Historical Sc., Prof. (Kazakhstan) |
| **Abdilashimuly D.** | PhD, Prof. (China) |
| **Abduakap Kara** | Doctor of Historical Sc., Prof. (Turkey) |
| **Bozzhigitova M.M.** | Doctor of Philosophy (Kazakhstan) |
| **Boroffka Nikolaus** | PhD (Germany) |
| **Bukanova R.G.** | Doctor of Historical Sc., Prof. (Russia) |
| **Burbayev T.K.** | Doctor of Philosophy, Prof. (Kazakhstan) |
| **Charles Wheeler** | Doctor of Philosophy, Prof. (USA) |
| **Dzhampeisova Zh.M.** | Can. of Historical Sc., Assoc.Prof. (Kazakhstan) |
| **Dukenbayeva Z.O.** | Doctor of Historical Sc., Prof. (Kazakhstan) |
| **Ermenbayeva G.K.** | Can. of Historical Sc., Assoc.Prof. (Kazakhstan) |
| **Ibadullayeva Z.O.** | Can. of Historical Sc., Assoc.Prof. (Kazakhstan) |
| **Imanzhusip R.** | Doctor of Philosophy, Prof. (Kazakhstan) |
| **Ismagambetova Z.N.** | Doctor of Philosophy, Prof. (Kazakhstan) |
| **Kazhenova G.T.** | Can. of Historical Sc. (Kazakhstan) |
| **Kamarova R.I.** | Can. of Philosophy (Kazakhstan) |
| **Khabdulina M.K.** | Can. of Historical Sc., Assoc.Prof. (Kazakhstan) |
| **Kovalskaya S.I.** | Doctor of Historical Sc. (Kazakhstan) |
| **Kumekov B.E.** | Doctor of Historical Sc., Prof. (Kazakhstan) |
| **Kurmanaliyeva A.D.** | Doctor of Philosophy, Prof. (Kazakhstan) |
| **Lyubichankovskiy S.V.** | Doctor of Historical Sc., Prof.(Russia) |
| **Medeuov K.A.** | Doctor of Philosophy, Prof. (Kazakhstan) |
| **Muminov A.K.** | Doctor of Historical Sc., Prof. (Turkey) |
| **Musagaliyeva A.S.** | Doctor of Historical Sc., Prof. (Kazakhstan) |
| **Mustafina R.M.** | Doctor of Historical Sc., Prof. (Kazakhstan) |
| **Nurysheva G.Zh.** | Doctor of Philosophy, Prof. (Kazakhstan) |
| **Pedracka M.** | PhD, Assoc.Prof.(Poland) |
| **Piancolla Nicolo** | PhD (Hong Kong) |
| **Rakhimbekova A.Zh.** | Can. of Historical Sc., Assoc.Prof. (Kazakhstan) |
| **Ryskaliyev T.Kh.** | Doctor of Philosophy, Prof. (Kazakhstan) |
| **Sadykov T.** | Doctor of Historical Sc. , Prof. (Kazakhstan) |
| **Sailaubay E.E.** | Can. of Historical Sc., Assoc.Prof. (Kazakhstan) |
| **Samashev Z.S.** | Doctor of Historical Sc. (Kazakhstan) |
| **Sapargaliyeva S.Zh.** | Can. of Philosophy, Assoc. Prof. (Kazakhstan) |
| **Sarkulova M.S.** | Can. of Philosophy, Assoc.Prof. (Kazakhstan) |
| **Seytkazina K.O.** | Can. of Historical Sc., Assoc.Prof. (Kazakhstan) |
| **Shapoval Yu.V.** | Doctor of Philosophy, Assoc.Prof. (Kazakhstan) |
| **Shayakhmetov N.U.** | Doctor of Historical Sc., Prof. (Kazakhstan) |
| **Shemshek Akhmed** | Doctor of Philosophy, Prof. (Turkey) |
| **Taitrov A.D.** | Doctor of Historical Sc. (Russia) |
| **Taymagambetov Zh.K.** | Doctor of Historical Sc., Prof. (Kazakhstan) |
| **Tashagyl A.** | Prof. (Turkey) |
| **Umitkaliyev U.U.** | Can. of Historical Sc., Assoc.Prof. (Kazakhstan) |
| **Vasilyev D.V.** | Doctor of Historical Sc., Assoc.Prof. (Russia) |
| **Zhakiyanov T.Zh.** | Can. of Sociological Sc. (Kazakhstan) |
| **Zherebtsov I.L.** | Doctor of Historical Sc. (Russia) |

Editorial address:2, Satpayev str., of.402, Nur-Sultan, Kazakhstan, 010008
Tel.: (7172) 709-500 (ext. 31-457)
E-mail: vest_hist@enu.kz

Responsible secretary, computer layout:
K. Zh. Zhumabekova

Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University. Historical Sciences. Philosophy. Religion Series
Owner: Republican State Enterprise in the capacity of economic conduct «L.N. Gumilyov Eurasian National University» Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan
Registered by the Ministry of Information and Communication of the Republic of Kazakhstan. Registration number 16994-Ж from 27.03.18
Periodicity: 4 times a year
Circulation: 20 copies
Address of printing house: 13/1 Kazhimukan str., Nur-Sultan, Kazakhstan 010008; tel.: (7172) 709-500 (ext.31-457)

**© L.N. Gumilyov Eurasian National University**

***Главный редактор***
д.и.н., проф., академик, вице-президент Национальной академии наук Республики Казахстан
**Сыдыков Е.Б.** (Казахстан)

| | |
|---|---|
| Зам. главного редактора (философия) | Есім Ғарифолла, д.философ.н., проф. (Казахстан) |
| Зам. главного редактора (история) | Мусабалина Г.Т., д.и.н., проф. (Казахстан) |
| Зам. главного редактора (история) | Сарсембина К.К., к.и.н., доцент (Казахстан) |
| Зам. главного редактора (религиоведение) | Тышхан К., к.философ.н., доцент (Казахстан) |

*Редакционная коллегия*

| | |
|---|---|
| **Абдильдин Ж.М.** | д.философ.н., проф. (Казахстан) |
| **Абдилашимулы Д.** | PhD, проф. (Китайская Народная Республика) |
| **Абдуакап Кара** | д.и.н., проф. (Турция) |
| **Алпысбес М.А.** | д.и.н., проф.(Казахстан) |
| **Артыкбаев Ж.О.** | д.и.н., проф. (Казахстан) |
| **Бозжигитова М.М** | д.философ.н. (Казахстан) |
| **Бороффка Николаус** | PhD (Германия) |
| **Буканова Р.Г.** | д.и.н., проф.(Россия) |
| **Бурбаев Т.К.** | д.философ.н., проф. (Казахстан) |
| **Васильев Д.В.** | д.и.н., доцент (Россия) |
| **Джампеисова Ж.М.** | к.и.н., доцент (Казахстан) |
| **Дукенбаева З.О.** | д.и.н., проф. (Казахстан) |
| **Ерменбаева Г.К.** | к.и.н.., доцент (Казахстан) |
| **Жакиянов Т.Ж.** | к.с.н. (Казахстан) |
| **Жеребцов И.Л.** | д.и.н. (Россия) |
| **Ибадуллаева З.О.** | к.и.н., доцент (Казахстан) |
| **Иманжусип Р.** | д.философ.н., проф. (Казахстан) |
| **Исмагамбетова З.Н.** | д.философ.н., проф. (Казахстан) |
| **Каженова Г.Т.** | к.и.н. (Казахстан) |
| **Камарова Р.И.** | к.философ.н. (Казахстан) |
| **Ковальская С.И.** | д.и.н. (Казахстан) |
| **Кумеков Б.Е.** | д.и.н., проф. (Казахстан) |
| **Курманалиева А.Д.** | д.философ.н., проф. (Казахстан) |
| **Любичанковский С.В.** | д.и.н., проф.(Россия) |
| **Медеуова К.А.** | д.философ.н., проф. (Казахстан) |
| **Муминов А.К.** | д.и.н., проф. (Турция) |
| **Мусагалиева А.С.** | д.и.н., проф. (Казахстан) |
| **Мустафина Р.М.** | д.и.н, проф. (Казахстан) |
| **Нурышева Г.Ж.** | д.ф.н., проф. (Казахстан) |
| **Педрацки М.** | PhD, доцент (Польша) |
| **Пианчолла Николо** | PhD (Гонконг) |
| **Рахимбекова А.Ж.** | к.и.н, доцент (Казахстан) |
| **Рыскалиев Т.Х.** | д.философ.н., проф. (Казахстан) |
| **Садыков Т.** | д.и.н., проф. (Казахстан) |
| **Сайлаубай Е.Е.** | к.и.н., доцент (Казахстан) |
| **Самашев З.С.** | д.и.н. (Казахстан) |
| **Сапаргалиева С.Ж.** | к.философ.н., доцент (Казахстан) |
| **Саркулова М.С.** | к.философ.н., доцент (Казахстан) |
| **Сейтказина К.О.** | к.и.н., доцент (Казахстан) |
| **Таиров А.Д.** | д.и.н. (Россия) |
| **Таймагамбетов Ж.К.** | д.и.н., проф. (Казахстан) |
| **Ташагыл А.** | проф. (Турция) |
| **Умиткалиев У.У.** | к.и.н., доцент (Казахстан) |
| **Хабдулина М.К.** | к.и.н., доцент (Казахстан) |
| **Чарлз Уиллер** | д.философ.н., проф. (США) |
| **Шаповал Ю.В.** | д.философ.н., доцент (Казахстан) |
| **Шемшек Ахмед** | д.философ.н., проф. (Турция) |

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. Сатпаева, 2, каб. 402
Тел.: (7172) 709-500 (вн. 31-457)
E-mail: vest_hist@enu.kz
Ответственный секретарь, компьютерная верстка
К.Ж. Жумабекова

Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. ***Серия:*** **Исторические науки. Философия. Религиоведение**
Собственник: РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК
Зарегистрировано Министерством информации и коммуникаций Республики Казахстан. Регистрационный номер 16994-Ж от 27.03.18.
Периодичность: 4 раза в год
Тираж: 20 экземпляров
Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. Кажымукана, 13/1, тел.: (7172)709-500 (вн.31-457)

**©Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилев**

**МАЗМҰНЫ**

## Тарихи ғылымдар

***Алексеева Л.В.*** Электронды ғылыми жарияланымдар Солтүстік Сібірдің тарихы (кеңес кезеңі) және студенттердің ақпараттық сауаттылығы мәселелері бойынша ресурс ретінде 8

***Байгапанова А.Б., Адильбаева А.С.*** Соғыстан кейінгі жылдардағы Семей облысының ауыл шаруашылығын қалпына келтіру және дамыту жолдары 23

***Сейтмұрат А., Қайырбеков Н.Е.*** Бай-өлке қазақтарының тұрмысында сақталған Кейбір ырым-тыйымдар туралы бірер сөз 33

***Сиздиков Б.С., Жетібаев К.М., Қожа М.Б., Гурсой М., Амантуров М.*** Арпаөзен Ескерткішінен Табылған Қола Қанжар 39

***Талеев Д.Ә., Сиздиков Б.С., Сералиев А.А.*** Келес өңірінің тарихы 48

## Археология және этнология

***Әбілбекұлы Ә., Г.Т. Каженова*** Археологиялық визуализациядағы фотограмметриялық технологиялар 63

***Кумисова А.О.*** Дәстүрлі қазақ мәдениетіндегі қару-жарақтардың символдық қолданысы (тарихи-этнографиялық материалдар негізінде) 71

## Философия

***Досмурзинов Р. К.*** Абай Құнанбайұлының этно-философиясындағы «адам болу» мәселесі – ұлттық жаңғыру негізі 81

***Малгараева З.Б., Акылбаева И.М.*** Көшпенділердің уақыт пен кеңістіктегі дала жадының қозғалысы: есте сақтауды зерттеу 91

***Сабиров И.В., Веселов Ю.В.*** «Халал» тамақтанудың әлеуметтік тәжірибесіндегі тамақ шектеулері туралы Құранның тұжырымдамалық негізі 104

***Урманбетова Ж.К.*** Адамзат дамуындағы қазіргі тенденциялардың философиялық негіздемесі 113

## CONTENTS

### Historical sciences

*Alekseeva L.V*. Electronic Scientific Publications as a Resource on the North of Western Siberia History (Soviet Period) and the Problem of Students' Information Literacy 8

*Baigapanova A.B., Adilbaeva A.S*. Ways to restore and develop agriculture in Semipalatinsk region in the postwar years 23

*Seitmurat A., Khayyrbekov N.E.* A few words about some of the superstitions and customs of Bayan-Ulgii Kazakhs 33

*Sizdikov B.S., Zhetibaev K.M., Kozha M.B., Gursoy M., Amanturov M.* Bronze dagger found on Arpaozen monument 39

*Taleev D.A.,Sizdikov B.S.,Seraliyev A.A.* History of the Keless Region 48

### Archeology and ethnology

*Abilbekuly A., Kazhenova G.T.* Photogrammetric technologies in archaeological visualization 63

*Kumissova A.O.* Symbolik use of weapons in traditional Kazakh culture (based on historical and ethnographic materials) 71

### Philosophy

*Dosmurzinov R.K.* The problem of personal development as a basis of national modernization in Abai Qunanbaiuly's ethno-philosophy 81

*Malgaraeva Z.B., Akylbaeva I.M.* The movement of steppe memory in time and space of a nomad: memory studies 91

*Sabirov I.V., Veselov Yu.V.* The conceptual basis of the Quran on food restrictions in the social practice of «Halal» nutrition 104

*Urmanbetova Zh.K.* The philosophical substantiation of modern trends in the development of mankind 113

## СОДЕРЖАНИЕ

### Исторические науки

***Алексеева Л.В.*** Электронные научные публикации как ресурс по истории Севера Западной Сибири (советский период) и проблеме информационной грамотности студентов 8

***Байгапанова А.Б., Адильбаева А.С.*** Пути восстановления и развития сельского хозяйства Семипалатинской области в послевоенные годы 22

***Сейтмұрат А., Кайырбеков Н.Е.*** Несколько слов о некоторых из суеверий и обычаев Баян-Улгийских казаков 33

***Сиздиков Б.С., Жетібаев К.М., Қожа М.Б., Гурсой М., Амантуров М.*** Бронзовый кинжал найденный на памятнике Арпаозен 39

***Талеев Д.Ә.,Сиздиков Б.С., Сералиев А.А.*** История Келесского региона 48

### Археология и этнология

***Абилбекулы А., Каженова Г.Т.*** Фотограмметрические технологии в археологической визуализации 63

***Кумисова А.О.*** Символическое использование оружя в традиционной казахской культуре (на основе исторических и этнографических материалов) 71

### Философия

***Досмурзинов Р. К***. Проблема становления человека как основа национальной модернизации в этно-философии Абая Кунанбайулы 81

***Малгараева З.Б., Акылбаева И.М.*** Движение степной памяти во времени и пространстве кочевника: memory studies 91

***Сабиров И.В., Веселов Ю.В.*** Концептуальные основания Корана о пищевых ограничениях в социальной практике питания «Халяль» 104

***Урманбетова Ж.К.*** Философское обоснование современных тенденций развития человечества 113

ҒХТАР 03.61.91

**А.О. Кумисова**
*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан*
*(E-mail: aiko______89@mail.ru)*

# Дәстүрлі қазақ мәдениетіндегі қару-жарақтардың символдық қолданысы (тарихи-этнографиялық материалдар негізінде)

**Аңдатпа:** Осы мақалада берілген тарихнамалық шолудан, қазақ қару-жарағының пайда болуы, зерттелу тарихы, қолданылу тактикасы, түр сипаттық белгісі жайлы яғни, қару-жарақтар соғыс құралы ретінде зерттелген еңбектердің басым екендігін байқауға болады, ал қару-жарақтың символдық қызметтері жөнінде жалпылама түсінік түрінде ғана айтылып өтілген. Сондай-ақ, оның магиялық күшке ие екендігі, қазақ ұлтының салт-дәстүрлік мәдениетінде, екі ел арасындағы бейбітшілік пен достық қарым-қатынастық символы негізіндегі қызметін есепке ала отырып, әр түрлі этнографиялық деректерді жинақтап, оны талдау жұмысы жасалынды. Қару-жарақтың символдық қолданысын тақырыптық ұстаным ретінде ол тек соғыс қаруы ғана емес, сонымен қатар қазақтың дәстүрлі әдет-ғұрыпында, күнделікті тұрмыс-тіршілігінде түрлі мән-жайды білдіргендігі, батырлардың дәреже белгісін көрсеткендігі, адам ойын астарлап жеткізетін қызметінің маңыздылығы мен мағынасына қарай жекеленіп зерттеліп отыр.

**Түйін сөздер:** қазақ қару-жарағы, қару-жарақ символикасы, көшпенділердің соғыс өнері, салт-дәстүр, дәстүрлі мәдениет.

**DOI: https://doi.org/10.32523/2616-7255-2019-129-4-71-80**

Тарихи-этнографиялық еңбектерді саралай келе, тарихи маңызы бар, өзекті тақырыптардың бірі – қару-жарақ екендігін көреміз. Оның пайда болуы, даму тарихы қашан да маңызды сипатқа ие болып отырады. Қазақ қару-жарағынан еңбек жазған ғалымдарымыз бар. Осы ғалымдардың еңбектерінде, қару-жарақты әскери істің маңызды ажырамас бір бөлігі ретінде қарастырады. Олар қару-жарақтың пайда болуы, қолданылуы, даму тарихын тереңірек зерттеген. Ал қару-жарақтың символдық қолданысы жайлы жалпы шолу тұрғысынан жазып өткен [1, 11 б.]. Дәстүрлі қазақ тарихындағы қару-жарақтың символдық қолданыстары мол: әдет-ғұрыпта, салт-жоралғыларда, батырлар жырында өлең жолдары арқылы беріліп отырған. Осы мақалада қару-жарақтың тек соғыс құралы ғана емес, символдық қызметтерінің де дәстүрімізде кеңінен қолданғандығына баса назар аударылады.

XVIII-XIX ғғ. қазақтың мәдениетін, әдет-ғұрыпын өз жазбаларында жазып өткен бірнеше шетелдік ғалымдар бар. Олар орыс және еуропалық зерттеушілер – Т.В. Аткинсон, П.С. Паллас, И.Г. Георги, И.П. Фальк, Дж. Кэстль, П.И. Рычков, В.В. Радлов, А.И. Левшин, С.Б. Броневский, Б.Залеский, А.Тереножкин т.б. авторлардың еңбектерін атап көрсетуге болады [2, 4 б.]. Мәселен, А.Левшиннің кітабында қазақ зиратының қабырғаларына салынған найза, садақ, жебе сияқты қару түрлері туралы мәліметтер бар. Ал, А.Тереножкин өз еңбегінде Жантай, Байымбет, Ақтепе сияқты күмбезді мазарларға салынған суреттер туралы айта келіп, олардағы сюжеттердің шеңбері анимистикалық түсінікке негізделген, яғни өлген адам о дүниеге барғанда қажеттіліктердің бәрімен (ислам дініне дейін) қабірге өлген адаммен қылыш, садақ, жебе және т.б. қажетті заттарын, сондай-ақ мінген атын бірге көметін болса, ал ислам дінін қабылдағаннан кейінгі уақыттарда олардың орнына сол заттардың бейнесін, басына тұрғызылған құрылыстың өн-бойына салатын болған деген пікір білдіреді [1, 5 б.].

Қазақ қару-жарақтарының алғашқы толық сипаттамалары, жасалу технологиясы, суық және от қару түрлері жайында, тұңғыш қазақ ғалымы атанған Ш.Уәлихановтың еңбектерінде жазылған [3].

Ресей ғалымы Г.И. Семенюктің «Оружие, военная организация и военное искусство казахов в XVII-XVIII вв.» атты еңбегінде, қазақ қаруының жекелеген түрлері мен қолданылуы жайлы жалпылама түсініктеме беріледі [4, 269-272 бб.].

Қазақстандық ғалымдардың ішінде, қазақ қаруын жете зерттеген, осы тақырыпқа елеулі еңбегін арнаған Қ.С. Ахметжановтың «Жараған темір кигендер» атты кітабын ерекше атауға болады. Онда соғыс құралдарын атқаратын қызметіне қарай екі топқа бөледі [5, 46 б.]. Біріншісі, Шабуыл құралдарын – «қару», екіншісі, қорғаныс құралдарын – «жарақ» деп атайды. Т.К. Алланиязовтың «Военное дело кочевников Казахстана», А. Чотбаевтың «Қазақ даласының ежелгі көшпелілерінің қару-жарақтары» атты еңбектерінде де қару-жарақтарды соғыс құралы ретінде жан-жақты қарастырған.

Салт-дәстүріміздің тарихи келбетін, қазақ мәдениетіндегі емшілік жүйесін көрсететін, жалпы тұрмыс-тіршілігіне байланысты Отандық ғалымдарымыздың бірнеше еңбектері бар. Сол еңбектердің ішінде, қазақ қару-жарағының символдық қызметтеріне жалпы шолу жасап өтілген. Мысалы, «Реликты доисламских веровании в семейной обрядности казахов (XIX-начало XX в.)» атты Ә.Т.Төлеубаевтің, «Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер (салыстырмалы лингвистік зерттеу)» атты Ә.Қ. Ахметовтың, Н.Әлімбай, М.С. Мұқанов, Х. Арғынбаевтың «Традиционная культура жизне обеспечения казахов» еңбектерінде қару-жарақтың этномәдени қызметтері сипатталады [5, 8 б.].

Қару-жарақ туралы көп мәлімет беретін басты дерек көздерінің тағы бір тобы – қазақтың ауыз әдебиетінің батырлар жыры мен дәстүрлі халық дастандары. Мысалы: «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр», «Қамбар батыр», «Ер Едіге», «Ер Тарғын», «Қырымның қырық батыры», «Абылай хан» т.б. қазақ халқының эпостық, лирикалық жырларынан, тарихи толғаулардан айқын көреміз [6, 115 б.]. Ғалым М.Қ. Дауытбекова «Қазақ батырларының қару-жарақ түрлері мен әскери өнері» атты мақаласында: «Қазақтың байтақ жерінің болуы, бірінші кезекте қазақ батырларының ерен еңбегінің жемісі дей келе, батырлар қару-жарақсыз жүрмейтін, үнемі жауға қарсы тұруға дайын болды, қару-жарақты кие тұтты» деп жазады [7,15 б.]. Қазақтың дәстүрлі мәдениетінде қару-жарақ тек соғыс құралы ғана емес, сонымен қатар күнделікті тіршілік қамында өзінің символдық қызметін қоса атқарып жүргендігін жоғарыда айтып өттік. Енді төменде сол каруларға тарихи-этнографиялық сипаттама берейік.

Қазақ қару-жарақтарының ішінде қанжар мен пышақ көмекші қару қызметін атқарады. Бұл қарулардың ескі атауы, қазақтың тұңғыш ғалымы Ш.Уәлихановтың айтуы бойынша: «селебе» деп аталған екен. Ш.Уәлиханов бұл қаруды жартылай қылышқа ұқсатады [2, 109 б.].

Қанжар қынапқа салынып, белге тігінен ілінеді. Қынап – теріден, металдан әшекейленіп жасалынады. Батырлар ақ қанжар ұстанатын болған. «Ақ қанжар» мықты күшке ие батырдың белгісі ретінде қолданылған. Мысалы, «Батырлар жырының басты қаһарманы – Алпамыстың батырлық күші жауынгерлік жорықтарда ерекше көзге түседі. Ол қалмақ батыры Таймасты жекпе-жекте табанына салып, қалың қалмақ қолымен жападан-жалғыз шайқасқа шығады:

...Ақ қанжарын суырып,
Заманасын қуырып,
Атыменен қалмақты
Екі бөліп тастады» [8, 84 б.]

Ал, пышақтың тарихына тоқталар болсақ, ең алғашқы пышақтарды тастан, сүйектен жасап, күнделікті тұрмыстық қажеттілікте қолданды. Осыдан 5 мың жыл бұрын адамзат металды өндіріп, оны түрлі қажеттілікте пайдалануды үйренді. Осылайша, пышақты мыс пен қоладан жасай бастады [9, 74 б.]. Өндірістік төңкеріс басталған кезде пышақты қолдан жасау сәннен шығып, яғни қолөнер бұйымдарын зауытта жасалған пышықтар алмастыр-

ды. Ол кезде пышақтың құрылымымен қатар, материалы да өзгереді және пышақтың құны түсіп, сапасы артады. Пышақтың бүктемелі түрлерін де кеңінен шығара бастады [10, 134 б.].

Пышақ – тек соғыс қаруы және тұрмыстық кесу құралы ғана емес, сондай-ақ дәстүрлі мәдениетімізде символдық қызметтерін қоса атқарып келеді. Қазақтың салт-жоралғыларында жаңа туған нәрестені бесікке салу дәстүрі бар. Ал, бесікке салмас бұрын баланы қорғау, тілден, көз тиюден сақтау ырым-тыйымдары жасалынады. Осы мақсатпен ең алдымен темір мен оттың қорғаушы күші бар деген ежелгі ұғымға сүйене отырып, нәрестенің жастығы астына «Бісмиллә» деп пышақ немесе қысқа бойлы қанжар қойылады және де осы қойылған пышақты басқа біреулерге беруге болмайды (балалардың ауырып қалмауы үшін) [11, 43 б.]. Мұның қойылу себебі, жын-шайтаннан, жамандықтан қорғайды деп сенді. Бабаларымыздан қалған дәстүрімізде, пышақты өзге адамға тарту барысында, үшкір жүзімен беруге болмайды. Өйткені, оны жаман ырымға, «өшпенділікке, кекшілдікке, сол адамға деген сый құрметтің болмауына» балаған. Пышақты дастарқан үстінде тік қалдыруға болмайды [11, 48 б.]. Жүзі жоғары қарап жатқан пышақ көрсе, оны жанына жатқызған. Пышақ осылай жатуы қажет, әйтпесе ол біреудің өлімін тілейді. Пышақтың жүзі шалқасынан жатса, сол үйдің малы пышаққа ілінеді деп болжам жасаған.

Тағы бір символдық қызметі ретінде, емшілердің адам емдеу шараларында қолданылатын әдіс-тәсілдерін айтамыз. Мысалы, науқастарды пышақпен сипау арқылы оның бойындағы жын-шайтан мен ауыр қасіреттерін сыртқа шығарады деген түсінік қалыптасқан [12, 128 б.].

Балта – өткір жүзді, ағаш шабатын сабы бар құрал. Ол неолит дәуірінен бастап қолданылып келеді. Алғашқы кезде балта сапсыз болған, сапталған балталар мезолит дәуірінде жасала бастады. Археологиялық қазбалар нәтижесінде мезолит дәуірінде жасалған ағаш сапты балталар табылды, әдетте сап ретінде үшкір ағаштар таңдалынып, кесетін тұсы қайыспен немесе ағаш қабығымен шапталған. Кей жағдайларда ағаш саптың орнына киік мүйізі пайдаланылған, ол балтаның қолдан тайып кетуіне, майысып немесе сынып қалмауына жағдай жасаған. Жауынгерлік балта ұрыс құралы ретінде орта ғасырдан бастап қолданысқа енді. Ұрыс кезінде жаяу әскер жауынгерлері мен атты әскер жауынгерлері қаруланды [9, 18 б.]. Айбалта да соғыс қаруы ретінде бірнеше кезеңдер барысында, түрлі формада қалыптасып отырды. Сақ, скиф заманындағы айбалталар екі жүзді болды және оны «сагарис» деп атаған. Алғашында балтаға ұқсас болып келген «чекан» деп аталатын қару түрін қоса пайдаланған. Бірақ ол шабу арқылы емес, тесу арқылы жарақат салатын, басының екі жағы да істік болып келген қару түрін қолданған.

Қазақтың дәстүрлі бес қаруының бірі аталатын қару түрі – балта (айбалта) болып табылады. Оның екі бөлігі бар. Бірінші бөлігі «басы», екінші бөлігі «сабы». Басының сабымен түйіскен жері «сағағы» делінеді.

Шабысқанда құлаштап,
Балта да шіркін шыдамай,
Сынып түсті сабынан.
Шынтасұлы Төрехан [5, 81 б.].

Қазақ батырлары қолданған айбалта түрлерінде сақ, скиф, сарматтар заманында (б.э.д. IV – III ғ.) пайда болған барлық формалары XVIII – XIX ғасырға дейін сақталған. Қ.С. Ахметжановтың «Жараған темір кигендер» атты еңбегінде көрсетілген мәлімет негізінде, Санкт-Петербургтегі этнография музейінде сабына қанжар жасырылған айбалтаның да болғандығын көреміз. Айбалтаны ою-өрнекпен әшекейлеген. Бұл тұста дәстүрдің негізінде діни-магиялық ырым жатыр. Мысалы, Боран батырдың айбынынан, өткір семсерінен, қалтасының астындағы балтасынан қорыққан жезтырнақ ақырын шегініп барып, жым-жылас болды деген аңызды мысал етеді [5, 86 б.]. Кейбір балталардағы ою-өрнектің сұсты келбетінің өзі, жаудың қорқыныш сезімін оятқан деседі.

Қазақ ұсталары тек қарапайым балталар ғана емес, сондай-ақ атақты батырлар мен бай адамдардың беделіне қарай басы да, сабы да неше түрлі ою-өрнектермен безендірілген күміс басты балталар жасаған. Оған мысал ретінде Қазақстанның Орталық мемлекеттік мұражайы мен Санкт-Петербургтегі антропология және этнография мұражайының қорларындағы балталарды атауға болады [1, 42 б.].

Қазақтар темір-терсекке кейде үрейлене, кейде сүйсіне қарай келіп, оның шипалы және қорғаушы қасиеттеріне деген сенімдері қалыптасқан. Айталық, жын-шайтаннан қорғану үшін бесіктің астына балға немесе балта, қайлы текстес аспаптар тастайтын болған. Бұл құралдардың сиқырмен қатар, темірдің қорғаушы және де үрей тудырушы сипаттары кәдеге асқан. Темір қатты зат ретінде қасиетті саналған [11, 131 б.].

Қазақтың бір аңызында, көнеде балталы жел атты іштің ауруы болған. Сол ауруды емшілер: «сен балта жел болсаң, мен балта иесімін» деп айтып, балтаны іші тұсына сүйкей отырып емдейтін болған [13, 233 б.].

Есім беру – өте көне, маңызды және қажетті ғұрып. Қазақ халқында жеке есімдерді саралау себебі-антропонимы әр түрлі болуы мүмкін. Мал бағу, табиғат құбылыстары,түсті металл, асыл тас, жер аты тағы басқа түрлерімен байланыстырылған [14, 138 б.]. Ертеде ер есімдерін қоярда да қарудың символдық қызметі байқалады. Мысалы, табиғат қойнауында қалып қойып босанған нәресте кіндігін балтамен шапса немесе қырағы, батыр, мықты қаһарман болсын деген оймен ұл бала есімін «Балтабай», «Батыр» деп қойған.

Қамшы. Қазақ қамшысы үш бөліктен – саптан, өрімнен және екеуін жалғастырып тұратын алақаннан тұрады. Қамшының сабы негізінде ағаштан, соның ішінде ырғайдан немесе тобылғыдан жасалынады. Оның қолға ұстайтын жері былғарымен қапталынып, соңына бүлдірге тағылады. Сондай-ақ сабы тау ешкімен киіктің мүйіздерінен және еліктің сирағынан жасалған қамшылар да кездеседі. Ал – қамшы өріміне келсек, ол – ірі қараның терісінен иленген қайыс таспалардан өріледі. Оны әртүрлі қылып өру үшін таспа санын 4-тен 32-ге дейін өзгертіп отырған. Қамшы – деректерге сүйенсек, өткен уақыттарда көшпелі малшының күнделікті қолданатын затынан басқа бірнеше функцияларды да атқарған. Ол: қатерлі қару ретінде З. Самашев, Ж. Жетібаевтың «Қазақ петроглифтері» еңбегінде, ғұрыптық-магиялық зат ретінде де кеңінен қолданған [1, 54 б.].

Қ.С. Ахметжановтың «Қазақтың дәстүрлі қару-жарағының этнографиясы» атты еңбегінде, қамшыны қазақтың бес қаруы санатына жатқызбайды. Өйткені оны батырлар ғана емес, атқа мінген әр адам (еркек, әйел, жас, кәрі) және мал баққандардың бәрі ұстаған. Қамшы әдетте малды және құл иеленуші қоғамда пайланылған дейді [2, 86 б.]. Оған байланысты араб әміршілерінің насихаттарынан үзінді келтіреді: «О, мұсылмандардың әміршісі! ... Ол (Алла тағала) саған халықты әділдікте ұстап отыру үшін үш зат берді: *байлық, семсер* және *қамшы.* Байлықпен сен кедейлікке тосқауыл қоюың керек. Семсермен сен халықты езушілерді құртуға міндеттісің, ал күнахарларды қамшымен жазалауың тиіс... » – бұл жерде қамшыны қару ретінде кез-келген адам қолданыла алмайтынын байқауға болады. [1, 55 б.].

Қазақтарда және Еуразияның далалық белдеулерін мекендеген басқа да халықтарда қамшыны қару есебінде негізінен қылыш немесе семсер жұмсауға тұрмайтын қарсыласына, ат сайысында, аң аулағанда, сондай-ақ «барымтада» қолданған ( сот шешімі бойынша, малын айдап әкету) [15, 159 б.].

Қару есебінде қолданылатын қамшыларға – дойыр, дырау, жыланбауыр және т.б. қамшы түрлері жатады. Олардың сабы салмақты, өрімі жуан және ұзындау болып келеді.

Қамшыны қару ретінде қолдану кім көрінгеннің қолынан келе бермейді. Оны қару ретінде тек жауынан қорғана алатын не жайратып салатын адамдар – қамшыгер-батырлар ғана қолдана алады. Қамшыгерлік тума қабілет емес, ол адам бойындағы тездік пен ептілік, дәлдік пен мергендік, өткірлік пен батылдық, қарулылық, қатты қолдылық пен сескенетін серттілік сияқты ішкі қасиеттермен ұштасып жататын мамандық [1, 55 б.] дейді. Қамшы-

ның басқа атқаратын символдық қызметіне магиялық функциясы, бақсылық, емшілікпен байланысты болып келеді.

Шығыста босана алмай жатқан әйелдерді босандыруда көнші руынан шыққан әйел бақсы Бөшекейдің аты шықты. Ақпарат берушілердің мәліметінше, бақсыда тек сары-ала қамшысынан басқа ешқандай құрал-сайман болмаған. Сыртқы келбеті жағынан ол қатал көрінетін. Қамшыны үйіріп бар күшпен киіз үйдің қабырғаларын соғып қойып, ол келесі әнді орындайтын дейді:

Шық, албасты, шық деймін,
Шықпайынша кетпеймін,
Ғайып ерен, қырық шілтен,
Қаһарыңды төк деймін!
Барақ батыр, Қабанбай,
Қанжығалы Бөгенбай,
Қаз дауысты Қазбек,
Қаһарыңды төк деймін!
Қабырғасын сөк деймін!
Ішке кірген албасты,
Көрген күнің көп деймін.
Қолыма қамшы ап келдім,
Жыныңды сенің қағайын.
Қолыма балта ап келдім.
Басыңды сенің қағайын,
Қолыма от ап келдім,
Шашыңды талдап жағайын.
Шық деген соң, шық деймін!
Уф-ф, пәлекет, кет деймін!

Осы кезде ол өзінің қамшысымен қиналып жатқан босанушы әйелді соғады [13, 226 б.].

XIX ғасырдың соңында Торғай даласында Төбет (арғын тайпасының қырық мылтық руынан) бақсы өмір сүрген. Өмірінің соңғы сәттерінде оның әруақтары қызының қызына өтетіндігін айтқан. Шынында да оның жиен немересі Назипа шаман болды. 10 жасында ол өте қорқынышты түс көріп, соның салдарынан оның аяғы сал болып қалады. Білгіш адамдар бұл жағдай әруақтардың қысымынан деп айтады. Оны Марал ишан мешітіне зиярат етуге және бата қылуға алып барады, соның нәтижесінде ол сырқатынан айығып кетеді және шаман болады. Назипа бақсы қобыздың сүйемелдеуімен және сабы қызыл тобылғыдан жасалған қамшымен зікір салады. Шамандық ән салуда ол ең алдымен пайғамбарлардан, содан соң әулиелерден, одан кейін ғана, өзінің қызметшілерінен көмек сұрайды. Сырқатты анықтағаннан соң ауыратын жерлерді қамшымен нұсқайды. Соңында Назипа шамандық әрекеттен бас тартқандықтан екі аяғынан да қайта айырылып қалған деседі [13, 228 б.].

Хадиша бақсы (Шымкент облысы Қызылқұм ауданы, 1899 жылы туған). Оның анасы мен әжесі де шамандар болған. Жын оған түсінде үлкен құлақты адам бейнесінде келіп, қамшыны алуға мәжбүрлейді, яғни сол арқылы шамандықты қабылдауды міндеттейді. Ол ұзақ уақыт бойы шаман болудан бас тартып жүреді. Оның сенімі бойынша, соның салдарынан ол жарын, балаларын жоғалтып, денсаулығынан айырылған. Бірде әруақ жоғарыда, үй ішінің төбесінде отырып оған: «Қолыңды соз, бата беремін» дейді. Ол жауап ретінде: «Ойбай! Жан үшін!» деп айқайлап жібереді. Әруақ оның сөздерін түзетіп: «Ойбай!» деме «Бисмилля!» деп айт дейді. Осылайша Хадиша әруақтың батасын, шаманның қамшысын алып, нәтижесінде бақсы болады [13, 232 б.]. Хадиша, әжесі мен анасынан қалған екі шамандық қамшыны өзіне мұра етіп алады. Оларды жастығының астында, ақ матаға орап сақтайтын дейді.

Тағы айта кететін жайт, ертеде мал шаруашылығында құрық, қамшы, бишік, ноқта, бұйда да магиялық қасиетке ие болған, бұл заттардан аттап өтуге тыйым салынған. Қамшыны жын-шайтан, жылан-жәндіктен қорғайтын қасиеті бар деп санап, бесіктегі нәрестенің жастығы астына қойған. Егер иесі малын сатса, жоғарыда аталған заттарды бермеген, өйткені онымен бірге барлық береке-байлығы қоса кетіп қалады деп сенген. Бұл ережелерді ұрылар да ұстанған, олар жылқы ұрлағанда ноқта-жүгенін т.б. алмаған [13, 275 б.]. Қазақтарда «Өмір – қамшының сабындай қысқа» деген нақыл сөзде бар.

Садақ және садақ оғы. Қазақ жерінде мылтық пайда болғанға дейін кеңінен қолданыста болған қарулардың бірі. Сондықтан ол – осы халықтардың бейнелеу өнері мен эпикалық шығармаларында көрнекті орын алған. Қазақ жағы – жартастар мен суреттерден, сондай-ақ этногрфиялық материалдардан байқасақ негізінен күрделі немесе құрамалы және де қарапайым жақтардың да кездесетінін З. Самашев, Ж. Жетібаевтың «Қазақ петроглифтері» еңбегінде атап өтеді.

Жақты тарта білу (ату) кім-көрінгеннің қолынан келе бермейді. Оны өнердің бір түрі деп есептесек, ал якут халқында ол – бір жастан екінші бір жасқа өтуді білдіреді екен. Оны осы халықтың: «Бала, садақты үш рет ілсең (тартсаң), үлкен жігіт боласың» – деген мақалынан байқауға болады. Ал қазақтарда тарихтан белгілі, бұл садақ ату ісі үлкен өнермен теңестіріліп, батырлық шеберлігінің болуын талап етеді және ұлттық ойын түрінің бірі болып саналады. А. Левшиннің жазабаларында, қазақтар садақты тек жерде қозғалмай тұрып атып қоймай, сондай-ақ аттың үстінде шауып келе жатып тарта білген. Кейбір мергендер алдынан жоғары қарай лақтырылған құлақшын мен жүзікті атып түсірген дейді «Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацкой орд и степей»– еңбегінде [16, 312 б.].

Садақтың атар оғын – жебе деп те атайды. Ол металдардан, ал сабы ағаштан жасалынған [2, 97 б.]. Дәстүрлі қазақ салтында садақ оғымен ұшықтау ырымы болған. Ұшық жөніндегі бір әдеби деректі Ғ.Мүсіреповтың шығармасынан байқаймыз: Есеней сол аяғын үзеңгіге салып көтеріле бергенде садақ оғы келіп қадалады. «Есеней ат жалын құшып қозғала алмай қалды. Есенеймен үзеңгілес жүрген Сәдір, Мүсіреп, Артықбай батырлар Есенейді қоршай тұрып, ем-домдарын жасады. Әуелі Енисейдің арқасында шаншылып тұрған оқты жұлып алып, қан сорғалай жөнелген жарасын сол оқпен ұшықтайды.

Ұшық, ұшық, ұшық!
Дауасын бере көр пайғамбар Жүсіп.
Ұшық, ұшық, ұшық,
Ұшықтаған біз емес,
Алдай қара бақсы пұшық...
Ұшық, ұшық, ұшық!».

Ұшықты тәуіп, молда, жай ғана емшілік қасиеті бар адамдар да жасай берген [13, 237 б.].

Түйреп жарақат салатын қару түрі – Найза. [2, 113 б.]. Бұл қару түрі ертеден пайда болып, қазақтың дәстүрлі бес қаруы санатына енеді және де кеңінен қолданыста болған. XIX ғасырдағы жазбаша деректерде өткен ғасырларда қазақтар мүмкіншілігі болмаған жағдайда тек ағаш сап түрінде жебесіз (бас жағы күйдіріліп үшкірленген) найзаны да қолданғаны туралы мәліметтер бар [17, 12 б.].

Ш. Уәлихановтың «Вооружение киргиз в древние времена и их военные доспехи» атты еңбегінде, найзаның саптары ағаштан жасалынып, ұзындығы үш метрден асатынын және қолданылу тактикасы жайлы жазған [18, 465 б.].

Жауынгерлік найза, сүңгі басына әртүрлі дәреже белгілері ретінде *ту, байрақ, қыл* не *жібек шашақ, жалау (желек)* тағатын. Ту – қолбасылық, *байрақ* – әскербасылық дәреже белгісі, ал *түсті жалау* – әскер бөліктерінің айыру белгісі болды [5, 70 б.]. Сонымен бірге, жауынгер қару жұмсаған кезде шашақтың желкілдеген қозғалысын қарсыласқа қарудың басының бағытын байқатпауға пайдаланған [2, 116 б.].

Қаралы ту. Қазақта жыл бойы «қара жамылып» отыру деген сөз бар. Оның мәнісі қашан марқұмға жыл өтіп, ас берілгенше сеп жиналған, белдеуіне қаралы ту ілінген үйде бес мезгіл дауыс айтылып, бес мезгіл марқұмның аруағына арналған дұға оқылып отырылған. Жоғарыда қаралы үйдегі қаралы ту туралы айттық. Бұл біздің қазіргі түсінігіміздегі жалау (флаг) емес. Ол адамның жасына қарай, сұлтандар мен төрелердің нәсілдеріне орай қолдан жасалатын, сырық, найза басына байланған әр түрлі түсті ту. Егер қайтыс болған адам бала болса, онда тудың түсі *ақ,* егер үлкен адам болса – *қара*, егер орта жастағы адам болса, жаңағы тудың бір жағы *ақ,* бір жағы *қара* болады [15, 144 б.]. Біздің қаралы ту деп жүргеніміз осы. Өлікті жөнелтудің рәсімі туралы М.Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясында тамаша баяндалған, содан қысқаша тарихи дерек келтірейік: «Тобықтының белгілі үлкендерінің бірі Бөжей қайтыс болғанда, Бөжейдің өз үйінің жанына,осы өлкедегі ең үлкен үй – Сүйіндіктің сегіз қанат аппақ үйін әкеліп тіккізген. Үй тігіліп болысымен, ішіне бөтен жасау-жабдық кіргізбей, тек есіктен төрге дейін кілем ғана жайғызды. Оң жаққа үлкен сүйек төсек кіргізді. Үстін көмкерумен қара кілеммен тегістеп болып, сол төсекке Бөжейдің сүйегін әкеп салғызды. Сүйекті орналастырып болысымен, сол өлік үстіне тіккен ақ үйдің оң жақ белдеуіне өз қолымен әкеп қара тікті». Тудың түсі өліктің жасына байланысты деп жоғарыда айтып өттік [19, 177 б.]. Найзаның басына қаралы ту тігу, өліктің артын жыл бойы қара жамылып күту деген мағынаға ие болды.

Жауынгер бас киімінің көп тараған түрінің атауы – *«дулыға».* Ол соғыста қорғаныштық қызметін атқарады [5, 149 б.]. Ертеде көшпелі халықтарда соғыс кезінде батырларды бір-бірінен айыру мақсатында, дәрежелік белгілері тағылған, яғни ол тек қорғаныштық қызмет атқарып қоймай, әлеуметтік статусын айыру белгісін де қоса атқарған [20, 130 б.]. Бұл туралы мәліметтер жоғарыда атап өткен XIX ғасырдағы орыс авторларының жазбаларында айтылады. Жалпы қазақ халқы бас киімді үнемі кие тұтып, оны тек биікке қойған.

Қазақ халқының салт-дәстүрінде өзіндік ұстанатын әдет-ғұрыптары, ырым-тыйымдары көп. Бұл тыйымдарды қолданудағы негізгі мақсат, қоғамда тәртіп орнату. Адам баласының өміріне тек жақсылық тілеу, біреуге зиян келтірмеу сынды нақты қағидаларға бағытталады. Сол ырым-тыйымдардың ішінен тақырыбымызға қатысты мысал келтірейік: Жүкті әйелге суық қару санатына жататын пышақ, ара, қайшы, басқа да қару түрлерін кеземейді. Егер кезенетін болса, ол шошынып мерзімінен бұрын босанады деген ырым бар [21, 165 б.]. Екі қабат әйел ұл туғысы келсе, еркектің қару-жарағын, қыз туғысы келсе, жүзік, сырға, моншақ, қызыл түсті матаны жастығының астына қойып жатады.

«Халық айтса – қалт айтпайды» түс және оны жору, қазақ халқында ең ізгі тілекпен теңдесуші ырымдар санатына жатады. Түсінде қару немесе мылтық көрсе, дәулеті артып, мол табысқа кенеледі. Аяғы ауыр келіншек, түсінде қару көрсе ұл босанады. Түсінде пышақ қайраса, қауіп-қатер болады деп жатады. Дегенмен, түсті тек жақсылыққа жору керек және түс жорушы адам ең жақын, өзіңе тілеулес, қамқор жан болуы тиіс. Өйткені түсті қалай жорысаң, өңінде сол жорығаныңмен тұспа-тұс келесің деген сенім басым.

Қазақтың салт-дәстүрі тұнып тұрған тарихы бар, ерте заманнан қалыптасқан айрықша мәдениет. Бұл халық қаруды өмір бойы кие тұтқан. Оның күшін тек соғыста ғана қолданып қоймай, күнделікті тіршілікте де мықты қаситін ескеріп, оны құрметтеп тек биік жерге іліп қоятын болған. Жоғарыда келтірген тарихи-этнографиялық деректеріміз мұның дәлелі болары хақ.

**Әдебиеттер тізімі**


1 Самашев З., Жетібаев Ж. Қазақ петроглифтері (көне тамыры мен сабақтастығы) – Алматы: «Иль-Тех-Кітап», 2005. – 134 б.

2 Ахметжан Қ. С. Қазақ дәстүрлі қару-жарағының этнографиясы. – Алматы: «Алматы кітап» ЖШС, 2006. – 216 б.

3 Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. – Алма-Ата: Наука, 1985. – Т.4. – 461 с.

4 Семенюк Г.И. Оружие, военная организация и военное искусство казахов в XVII-XVIII в.в. // Вопросы военной истории России XVIII и первой половины XIX веков. – М.: Наука, 1969. – с. 445.

5 Ахметжан Қ. С. Жараған темір кигендер (батырлардың қару-жарағы. Әскери өнері, салт-дәстүрлері). – Алматы РГЖИ «Дәуір» 1996. – 256 б.

6 Алланиязов Т.К. Очерки военного дела кочевников Казахстана. – Алматы: Фонд «XXI век», 1997. – с. 94.

7 Дауытбекова М.Қ. Қазақ батырларының қару-жарақ түрлері мен әскери өнері. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті ҚазҰУ хабаршысы / тарих сериясы №2 (77), Алматы «Қазақ университеті» 2015.

8 Бейсенбаев Ф., Матыжанов К., Сәкенов С. Қазақ халық әдебиеті. Том-III. Алматы: Білім. 1996. – 224 б.

9 Рақыш О. Қару – жарақтар. – Алматы: «Аруна» баспасы. 2013. – 208 бет.

10 Худяков. Ю.С. Сабля Багыра: Вооружение и военное искусство средневековых кыргызов. – СПб.: «Петербургское Востоковедение», 2003. – с.192.

11 Әжіғали С. Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 1-том: біртұтастығы және ерекшелігі/ – Алматы: «Арыс» баспасы, 2005. – 328 б.

12 Төлеубаев Ә.Т. Қазақ халқының табиғат мінажаты және емдеу магиясы. Том-I. – Алматы: «Алдоңғар» мәдениетті дамыту қоры, 2013. – 184.

13 Төлеубаев Ә.Т. Қазақ халқы этнографиясының мәселелері. – Алматы: Service Press, 2013. – 295 б.

14 Джелбудин Е.Т. Традиции и обычаи казахов. – Кокшетау: Мир печаты, 2010. – 336 с.

15 Қазақстан. Ұлттық энциклопедия/ Бас ред.Ә. Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының»Бас редакциясы, Т.2. – 1999. – 720 б.

16 Левшин А. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацкой орд и степей (Под общ.ред.акад. М.К. Козыбаева). – Алматы: «Санат», 2009. – с. 656.

17 Курылев В.П. Оружие казахов. // Материальная культура и хозяйстванародов Кавказа, Средней Азии и Казахстана. – Л: Наука, 1978. – 216 с. (4-22).

18 Валиханов Ч.Ч. Вооружение киргиз в древние времена и их военные доспехи // Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений. В 5-ти томах / Редкол: А.Х. Маргулан и др. – Алма-Ата: Издательство Академии наук Казахской ССР, 1961. – Т.1 – с.778.

19 Әуезов М. Абай жолы: Роман-эпопея.– Алматы: Жазушы, 2003. – Т.1. – 368 б.

20 Костюм народов Средней Азии. Историко-этнографические очерки. – М.: Наука, 1979. – с.240.

21 Кенжеахметұлы С. Қазақ халқының тұрмысы мен мәдениеті. – Алматы: «Алматыкітап баспасы», 2010. – 384 б.

**А.О. Кумисова**
*Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан*

**Символическое использование оружя в традиционной казахской культуре (на основе исторических и этнографических материалов)**

**Аннотация:** В данной статье дается историографический обзор, казахского вооружения, истории по явления, применения в военной тактике, видах вооружения, обращается внимание на то, что вооружение изучено как средство войны, а другие символические функции вооружения описывается лишь в обобщенном виде. Была проведена работа по обобщению и анализу различных этнографические данных о его магической силе отдельных видов оружия, ее применении в обычаях и традициях казахского народа, в качестве символических даров при установлении дипломатических отношений между двумя странами. В данной статье, в рамках изучения символического использования вооружения, оно изучается не только как военное оружие, но также и в качестве неотемлемой составляющей традиционных казахских обычаев, повседневного быта, института батырства.

**Ключевые слова:** казахское вооружение, символика оружия, искусство войны кочевников, традиции, традиционная культура.

**A.O. Kumissova**
*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan*

**Symbolik use of weapons in traditional Kazakh culture (based on historical and ethnographic materials)**

**Abstract:** This article discusses the historiographical review of the emergence of Kazakh weapons, the history of formation, the tactics of use, the specific characteristic value, i.e., weapons studied as a means of war, and about other symbolic functions of weapons described in a generalized form.In addition, work was carried out on the synthesis and analysis of various data on its magical power, its activities in the customs and traditions of the Kazakh people, symbols of peace and friendship between the two countries. In this article, based on historical and ethnographic materials, as a thematic approach to the symbolic use of weapons, it is studied not only as military weapons, but also in the traditional Kazakh custom, everyday life, indicates the insignia of the batyrs, in importance and meaning.

**Key words:** Kazakh weapons, weapons symbolism, nomads' art of war, traditions, traditional culture.

## References

1 Samashev Z., Jetibaev J. Qazaq petroglifteri [Kazakh petroglyphs] («Il-Teh-Kitap», Almaty, 2005, 134 p).

2 Ahmetjanov Q. Qazaq dasturli qaru-jaraginin etnografiyasi [Ethnography of kazakh traditional weapons] (Almaty kitap, Almaty, 2006, 216 p).

3 Valihanov Ch. Sobranie sochinenii v pyati tomah [Collected works in five volumes] (Nauka, Almaty, 1985, 4, 461 p).

4 Semenuk G. Orujie, voennaya organizasiya I voennoe iskustvo kazahov v XVII-XVIII v.v.[Weapons, military organization and military art of the Kazakhs in the XVII-XVIII centuries]. Sbornik materialov dlya statistiki, Voprosi voennoy istorii Rossii XVIII I pervoy polovini XIX vekov (Nauka, Moscow, pp. 269-272).

5 Ahmetjanov Q. Jaragn temir kigender (batirlardin qaru-jaragi.Askeri oneri, salt-dasturleri) [They wear iron] (Heroes' weapons. Military art, traditions) (Dauir, Almaty, 1996, 256 p).

6 Allaniyazov T. Ocherki voennogo dela kochevnikov Khazahstana [Essays on the military affairs of the nomads of Kazakhstan] («Fond XXI v», Almaty, 1997, 94 p).
7 Dautbekova M. Qazaq batirlarinin qaru-jaraq turleri men askeri oneri [Arms and military art of Kazakh heroes], QazUU habarshisi /tarih seriyasi, Almaty. №2 (77), 13-19 (2015).
8 Beysenbaev F., Matijanov К., Sakenov S. Qazaq haliq adebieti[Kazakh folk literature]. Tom-III (Bilim, Almaty, 1996, 224 p).
9 Raqish O. Qaru-jaraqtar[Weapons - Accessories] (Aruna, Almaty, 2013, 208 p).
10 Hudyakov Yo. Sablya Bagira: Voorujenie i voennoe iskusstvo srednevekovih kirgizov[Saber Bagyra: Armament and military art of medieval Kyrgyz] («Peterburgskoe Vostokovedenie», Sankt-Peterburg, 2003, 192 p).
11 Ajigali S. Qazaq halqinin dasturleri men adet-guriptari [Traditions and customs of the Kazakh people].Tom-I (Aris, Almaty, 2005, 328 p).
12 Toleubaev A. Qazaq halqinin tabigat minajati jane emdeu magiyasi [Nature of worship and treatment of the Kazakh people]. Tom-I (Aldongar madenietti damitu qori, Almaty, 2013, 184 p).
13 Toleubaev A. Qazaq halqi etnografiyasinin maseleleri [The issues of Kazakh etnography] (Service Press, Almaty, 2013, 295 p).
14 Djelbuldin E. Tradisii i obichay khazahov [Traditions and customs of Kazakh] (Mir pechati, Kokshetau, 2010, 336 p).
15 Kazakhstan. Ulttik ensiklopediya [National Encyclopedia] Bas red. A. Nisanbaev Tom-2 (Qazaq ensiklopediyasinin bas redaksiyasi, Almaty, 1999, 720 p).
16 Levshin A. Opisanie Kirgiz-kazachih, ili Kirgiz-kaysatskih ord i stepey (pod obsy.red. academik M.K. Kozibaeva) [Description of the Kirghiz-Cossack, or Kirghiz-Kaysak hordes and steppes] (Sanat, Almaty, 2009, 656 p).
17 Kurilev B. Orujie khazahoh [Kazakh weapons]. Sbornik materialov dlya statistiki, Materialnaya kultura I hoziaistvo narodov Kavkaza, Srednei Azii I Kazahstana (Nauka, Leningrad, 1978, 216 p).
18 Valihanov Ch. Voorujenie kirgiz v drevnie vremena I ih voennie dospehi [Armament of the kirghiz in ancient times and their military armor]. Sobranie sochinenii. V 5-ti tomah. Redkol: A.H. Margulan I dr. T.1 (Academik nauk Kazakhskoy SSR, Almaty, 1961, 778 p).
19 Auezov M.Abay joli: Roman-epopeya [The way of Abai: The Roman epopee]. Tom-I. (Jazushi, Almaty, 2003, 368 p).
20 Kostyom narodov Sredney Azii [Costume of the peoples of Central Asia] (Nauka, Moscow, 1979, 240 p).
21 Kenjeahmetuli S. Qazaq qalqinin turmisi men madenieti [The life and culture of the Kazakh people] (Almatikitap baspasi, Almaty, 2010, 384 p).

**Автор туралы мәлімет:**

***Кумисова А.О.*** – «Археология және этнология» мамандығының 2 курс докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, А.Пушкин көш. 12, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

***Kumissova A.O.*** – PhD Student of the specialty «Archeology and Ethnology», L.N. Gumilyov Eurasian National University, A.Pushkin Str. 12, Nur-Sultan, Kazakhstan.

**«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Тарихи ғылымдар. Философия. Дінтану» сериясы журналында мақала жариялау ережесі**

1. Журнал мақсаты. Мұқият тексеруден өткен, ғылыми құндылықтары бар тарих, археология, антропология, философия және дінтану салаларының барлық бағыттары бойынша материалдар жариялау.

2. Журналда мақала жариялаушы автор мақаланың қол қойылған бір дана қағаз нұсқасын Ғылыми басылымдар бөліміне (редакцияға, мекенжайы: 010008, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Қ. Сәтпаев көшесі, 2, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Бас ғимарат, 402 кабинет) және vest_hist@enu.kz электрондық поштасына Word форматындағы нұсқасын жіберу қажет. Мақала мәтінінің қағаз нұсқасы мен электронды нұсқалары бірдей болулары қажет.

3. Мақалалар қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде қабылданады. Сонымен қатар, автор(лар) ілеспе хат ұсынуы керек.

Автордың қолжазбаны редакцияға жіберуі мақаланың Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысында басуға келісімін, шетел тіліне аударылып қайта басылуына келісімін білдіреді. Автор мақаланы редакцияға жіберу арқылы автор туралы мәліметтің дұрыстығына, мақала көшірілмегендігіне (плагиаттың жоқтығына) және басқа да заңсыз көшірмелердің жоқтығына кепілдеме береді.

4. Мақаланың көлемі 18 беттен аспауға тиіс (10 беттен бастап).

Мақаланың құрылымы

5. ХҒТАР http://grnti.ru/ - бірінші жолдың сол жақтауында;

Автор(лар)дың аты-жөні – жолдың ортасында;

Мекеменің толық атауы, қаласы, мемлекеті (егер авторлар әртүрлі мекемеде жұмыс жасайтын болса, онда әр автор мен оның жұмыс мекемесі қасында бірдей белгі қойылу керек) – жолдың ортасында;

Автор(лар)дың E-mail-ы – жақша ішінде, курсивпен, жолдың ортасында;

Мақала атауы – жолдың ортасында;

Аннотация (100-200 сөз; мақаланың атауын мейлінше қайталамауы қажет; әдебиеттерге сілтемелер болмауы қажет; мақаланың құрылысын (кіріспе, мақаланың мақсаты, міндеттері, қарастырылып отырған сұрақтың тарихы, зерттеу әдістері, нәтижелер/талқылау, қорытынды) сақтай отырып, мақаланың қысқаша мазмұны берілуі қажет).

Түйін сөздер (6-8 сөз не сөз тіркесі). Түйін сөздер мақала мазмұнын көрсетіп, мейлінше мақала атауы мен аннотациядағы сөздерді қайталамай, мақала мазмұнындағы сөздерді қолдану қажет. Сонымен қатар, ақпараттық-іздестіру жүйелерінде мақаланы жеңіл табуға мүмкіндік беретін ғылым салаларының терминдерін қолдану қажет.

Негізгі мәтін мақаланың мақсаты, міндеттері, қарастырылып отырған сұрақтың тарихы, зерттеу әдістері, нәтижелер/талқылау, қорытынды бөлімдерін қамтуы қажет – жоларалық интервал - 1, азат жол «қызыл жолдан» - 1,25см, беттеу жолағы – еніне сай жасалады.

Таблица, суреттер – аталғаннан кейін орналастырылады. Әр таблица, сурет қасында оның аталуы болу қажет. Сурет айқын, сканерден өтпеген болуы керек.

Жалпы қолданыста бар аббревиатуралар мен қысқартулардан басқалары міндетті түрде алғаш қолданғанда түсіндірілуі берілуі қажет.

Қаржылай көмек туралы ақпарат бірінші бетте көрсетіледі.

Әдебиеттер тізімі. Мәтінде әдібиеттерге сілтемелер тікжақшаға алынады. Мәтіндегі әдебиеттер тізіміне сілтемелердің номерленуі мәтінде қолданылуына қатысты жүргізіліде: мәтінде кездескен әдебиетке алғашқы сілтеме [1] арқылы, екінші сілтеме [2] арқылы т.с.с. жүргізіледі. Кітапқа жасалатын сілтемелерде қолданылған бетттері де көрсетілуі керек (мысалы, [1, 45 бет]). Жарияланбаған еңбектерге сілтемелер жасалмайды. Сонымен қатар,

рецензиядан өтпейтін басылымдарға да сілтемелер жасалмайды (әдебиеттер тізімін, әдебиеттер тізімінің ағылшынша әзірлеу үлгілерін журнал http: // bulhistphaa.enu.kz сайтындағы мақаланы рәсімдеу үлгісінен қараңыз).

6. Мақала соңындағы әдебиеттер тізімінен кейін библиографиялық мәліметтер орыс және ағылшын тілінде (егер мақала қазақ тілінде жазылса), қазақ және ағылшын тілінде (егер мақала орыс тілінде жазылса), орыс және қазақ тілінде (егер мақала ағылшын тілінде жазылған болса).

Авторлар туралы мәлімет: автордың аты-жөні, ғылыми атағы, қызметі, жұмыс орны, жұмыс орнының мекен-жайы, телефон, e-mail – қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде толтырылады.

7. Қолжазба мұқият тексерілген болуы қажет. Техникалық талаптарға сай келмеген қолжазбалар қайта өңдеуге қайтарылады. Қолжазбаның қайтарылуы оның журналда басылуына жіберілуін білдірмейді.

Редакцияға түскен мақала жабық (анонимді) тексеруге жіберіледі. Барлық рецензиялар авторларға жіберіледі. Автор (рецензент мақаланы түзетуге ұсыныс берген жағдайда) өңдеп қайта, қолжазбаның түзетілген нұсқасын редакцияға қайта жіберуі қажет. Рецензент жарамсыз деп таныған мақала қайтара қарастырылмайды. Мақаланың түзетілген нұсқасы мен автордың рецензентке жауабы редакцияға жіберіледі.

Пікірі мақұлданған мақалаларды редколлегия алқасына талқылап, басуға келіседі.

8. Төлемақы. Басылымға рұқсат етілген мақала авторларына төлем жасау туралы ескертіледі. Төлем көлемі 4500 тенге – Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ қызметкерлері үшін және 5500 тенге басқа ұйым қызметкерлеріне.

Реквизиттер:

1)РГП ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева МОН РК
АО «Банк ЦентрКредит»
БИК банка: KCJBKZKX
ИИК: KZ978562203105747338
Кбе 16
Кнп 859

2) РГП ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева МОН РК
АО «Bank RBK»
Бик банка: KINCKZKA
ИИК: KZ498210439858161073
Кбе 16
Кнп 859 – за статьи

3)РГП ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева МОН РК
АО «ForteBank»
БИК Банка: IRTYKZKA
ИИК: KZ599650000040502847
Кбе 16
Кнп 859

4)РГП ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева МОН РК
АО «НародныйБанкКазахстан»
БИК Банка: HSBKKZKX
ИИК: KZ946010111000382181
Кбе 16, Кнп 859.

**Provision on articles submitted to the journal "Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Historical Sciences. Philosophy. Religion Series"**

1. Purpose of the journal. Publication of carefully selected original scientific works in the direction of history, anthropology, archeology, philosophy, religious studies.

2. An author who wishes to publish an article in a journal must submit the article in hard copy (printed version) in one copy, signed by the author to the scientific publication office (at the address: 010008, Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan, Satpayev St., 2. L.N. Gumilyov Eurasian National University, Main Building, room 402) and by e-mail vest_hist@enu.kz in Word format. At the same time, the correspondence between Word-version and the hard copy must be strictly maintained. And you also need to provide the cover letter of the author(s).

3. Language of publications: Kazakh, Russian, English.

Submission of articles to the scientific publication office means the authors' consent to the right of the Publisher, L.N. Gumilyov Eurasian National University, to publish articles in the journal and the re-publication of it in any foreign language. Submitting the text of the work for publication in the journal, the author guarantees the correctness of all information about himself, the lack of plagiarism and other forms of improper borrowing in the article, the proper formulation of all borrowings of text, tables, diagrams, illustrations.

4. The volume of the article should not exceed 18 pages (from 10 pages).

Structure of the article (page – A4 format, portrait orientation, page margins on all sides - 20 mm. Font: type - Times New Roman, font size - 14)

5. GRNTI http://grnti.ru/ - first line, left

Initials and Surname of the author (s) - center alignment, italics

Full name of the organization, city, country (if the authors work in different organizations, you need to put the same icon next to the name of the author and the corresponding organization) - center alignment, italics

Author's e-mail (s)- in brackets, italics

Article title - center alignment,bold

Abstract (100-200 words, the article title should not repeat in the content, it should not contain bibliographic references, it should reflect the summary of the article, preserving the structure of the article - introduction, problem statement, goals, history, research methods, results /discussion, conclusion).

Key words (6-8 words/word combination. Keywords should reflect the main content of the article, use terms from the article, as well as terms that define the subject area and include other important concepts that make it easier and more convenient to find the article using the information retrieval system).

The main text of the article should contain an introduction, problem statement, goals, history, research methods, methodology, results / discussion, conclusion - line spacing - 1, indent of the "red line" -1.25 cm, alignment in width.

Tables, figures should be placed after the mention. Each illustration should be followed by an inscription. Figures should be clear, clean, not scanned.

All abbreviations, with the exception of those known to be generally known, must be deciphered when first used in the text.

Information on the financial support of the article is indicated on the first page in the form of a footnote.

References. In the text references are indicated in square brackets. References should be numbered strictly in the order of the mention in the text. The first reference in the text to the literature should have the number [1], the second - [2], etc. The reference to the book in the main text of the article should be accompanied by an indication of the pages used (for example, [1, 45

p.]). References to unpublished works are not allowed. Unreasonable references to unreviewed publications (examples of the description of the list of literature, descriptions of the list of literature in English, see below in the sample of article design).

6. At the end of the article, after the list of references, it is necessary to indicate bibliographic data in Russian and English (if the article is in Kazakh), in Kazakh and English (if the article is in Russian) and in Russian and Kazakh languages (if the article is English language).

Information about authors: surname, name, patronymic, scientific degree, position, place of work, full work address, telephone, e-mail - in Kazakh, Russian and English.

7. The article must be carefully verified. Articles that do not meet technical requirements will be returned for revision. Returning for revision does not mean that the article has been accepted for publication.

Work with electronic proofreading. Articles received by the Department of Scientific Publications (editorial office) are sent to anonymous review. All reviews of the article are sent to the author. The authors must send the proof of the article within three days. Articles that receive a negative review for a second review are not accepted. Corrected versions of articles and the author's response to the reviewer are sent to the editorial office. Articles that have positive reviews are submitted to the editorial boards of the journal for discussion and approval for publication.

Periodicity of the journal: 4 times a year.

8. Payment. Authors who have received a positive conclusion for publication should make payment (for ENU employees - 4,500 tenge, for outside organizations - 5,500 tenge). Requisites are posted on the journal's website.

Requisites:

1) РГП ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева МОН РК
АО «Банк ЦентрКредит»
БИК банка: KCJBKZKX
ИИК: KZ978562203105747338
Кбе 16
Кпн 859

2) РГП ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева МОН РК
АО «Bank RBK»
Бик банка: KINCKZKA
ИИК: KZ498210439858161073
Кбе 16
Кнп 859

3)РГП ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева МОН РК
АО «ForteBank»
БИК Банка: IRTYKZKA
ИИК: KZ599650000040502847
Кбе 16
Кнп 859

4)РГП ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева МОН РК
АО «НародныйБанкКазахстан»
БИК Банка: HSBKKZKX
ИИК: KZ946010111000382181
Кбе 16, Кнп 859.

**Положение о рукописях, представляемых в журнал «Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н.Гумилева. Серия: Исторические науки. Философия. Религиоведение»**

1. Цель журнала. Публикация тщательно отобранных оригинальных научных работ и обзоров книг по направлениям: история, антропология, археология, философия, религиоведение.

2. Автору, желающему опубликовать статью в журнале необходимо представить рукопись в твердой копии (распечатанном варианте) в одном экземпляре, подписанном автором в Отдел научных изданий (по адресу: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. Сатпаева, 2, Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, Учебно-административный корпус, каб. 402) и по e-mail vest_hist@enu.kz. При этом должно быть строго выдержано соответствие между Word-файлом и твердой копией. Также авторам необходимо предоставить сопроводительное письмо.

Язык публикаций: казахский, русский, английский.

3. Отправление статей в редакцию означает согласие авторов на право Издателя, Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, издания статей в журнале и переиздания их на любом иностранном языке. Представляя текст работы для публикации в журнале, автор гарантирует правильность всех сведений о себе, отсутствие плагиата и других форм неправомерного заимствования в рукописи, надлежащее оформление всех заимствований текста, таблиц, схем, иллюстраций, а также дает согласие на проверку уникальности текста статьи.

4. Объем статьи не должен превышать 18 страниц (от 6 страниц).

5. Схема построения статьи (страница – А4, книжная ориентация, поля со всех сторон – 20 мм. Шрифт: тип – Times New Roman, размер (кегль) - 14):

МРНТИ http://grnti.ru/ - первая строка, слева.

Инициалы и Фамилию автора(ов)- выравнивание по центру, курсив

Полное наименование организации, город, страна (если авторы работают в разных организациях, необходимо поставить одинаковый значок около фамилии автора и соответствующей организации). E-mail автора(ов) – в скобках, курсив.

Название статьи – выравнивание по центру полужирным шрифтом

Аннотация (100-200 слов; не должна содержать формулы, по содержанию повторять название статьи; не должна содержать библиографические ссылки; должна отражать краткое содержание статьи, сохраняя структуру статьи – введение, постановка задачи, цели, история, методы исследования, результаты/обсуждение, заключение/выводы).

Ключевые слова (6-8 слов/словосочетаний).

Ключевые слова должны отражать основное содержание статьи, использовать термины из текста статьи, а также термины, определяющие предметную область и включающие другие важные понятия, позволяющие облегчить и расширить возможности нахождения статьи средствами информационно-поисковой системы).

Основной текст статьи должен содержать введение, постановка задачи, цели, история, методы исследования, результаты/обсуждение, заключение/выводы – межстрочный интервал – 1, отступ «красной строки» -1,25 см, выравнивание по ширине.

Таблицы, рисунки необходимо располагать после упоминания. С каждой иллюстрацией должна следовать надпись. Рисунки должны быть четкими, чистыми, несканированными.

Все аббревиатуры и сокращения, за исключением заведомо общеизвестных, должны быть расшифрованы при первом употреблении в тексте.

Сведения о финансовой поддержке работы указываются на первой странице в виде сноски.

Список литературы. В тексте ссылки обозначаются в квадратных скобках. Ссылки должны быть пронумерованы строго по порядку упоминания в тексте. Первая ссылка в тексте на литературу должна иметь номер [1], вторая - [2] и т.д. Ссылка на книгу в основном тексте статьи должна сопровождаться указанием использованных страниц (например, [1, 45 стр.]). Ссылки на неопубликованные работы не допускаются. Нежелательны ссылки на нерецензируемые издания (примеры описания списка литературы, описания списка литературы на английском языке см. на сайте журнала http: bulhistphaa.enu.kz в образце оформления статьи).

В конце статьи, после списка литературы, необходимо указать библиографические данные на русском и английском языках (если статья оформлена на казахском языке), на казахском и английском языках (если статья оформлена на русском языке), на русском и казахском языках (если статья оформлена на английском языке).

Сведения об авторах: фамилия, имя, отчество, научная степен, должность, место работы, полный служебный адрес, телефон, e-mail – на казахском, русском и английском языках.

6. Рукопись должна быть тщательно выверена. Рукописи, не соответствующие техническим требованиям, будут возвращены на доработку. Возвращение на доработку не означает, что рукопись принята к опубликованию.

7. Работа с электронной корректурой. Статьи, поступившие в Отдел научных изданий (редакция), отправляются на анонимное рецензирование. Все рецензии по статье отправляются автору. Статьи, получившие отрицательную рецензию к повторному рассмотрению не принимаются. Исправленные варианты статей и ответ автора рецензенту присылаются в редакцию. Статьи, имеющие положительные рецензии, представляются редколлегии журнала для обсуждения и утверждения для публикации.

Периодичность журнала: 4 раза в год.

8. Оплата. Авторам, получившим положительное заключение к опубликованию необходимо произвести оплату по следующим реквизитам (для сотрудников ЕНУ им. Л.Н. Гумилева – 4500 тенге, для сторонних организаций – 5500 тенге):

Реквизиты:

1) РГП ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева МОН РК
АО «Банк ЦентрКредит»
БИК банка: KCJBKZKX
ИИК: KZ978562203105747338
Кбе 16
Кпн 859

2) РГП ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева МОН РК
АО «Bank RBK»
Бик банка: KINCKZKA
ИИК: KZ498210439858161073
Кбе 16
Кнп 859

3)РГП ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева МОН РК
АО «ForteBank»
БИК Банка: IRTYKZKA
ИИК: KZ599650000040502847
Кбе 16, Кнп 859

4)РГП ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева МОН РК
АО «НародныйБанкКазахстан»
БИК Банка: HSBKKZKX
ИИК: KZ946010111000382181
Кбе 16
Кнп 859.

Редактор: Е.Б. Сыдықов
Шығарушы редактор: Қ. Ж. Жұмабекова
Дизайн: Қ. Ж. Жұмабекова

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы.
Тарихи ғылымдар. Философия. Дінтану сериясы.
-2019. - 4(129). - Нұр-Сұлтан: ЕҰУ. 126 б.
Шартты б.т. - 7 Таралымы - 20 дана

*Мазмұнына типография жауап бермейді.*

Редакция мекенжайы: 010008, Нұр-Сұлтан қ., Сатпаев көшесі, 2.
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Тел.: +7(7172) 709-500 (ішкі 31-457)
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің баспасында басылды